


Жанғара Дәдебайұлы,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор

ЗАМАНЫНЫҢ ДАРА ҺӘМ ДАНА ТҰЛҒАСЫ



Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Халық жазушысы Шерхан Мұртаза заманының дара һәм дана тұлғасы еді.

Жазушының «Құрылысшы Дәку» (1958), «Табылған теңіз» (1963), «Бұлтсыз күнгі найзағай» (1965), «Белгісіз солдаттың баласы» (1969), «41-жылғы келіншек» (1972), «Ахметжанның анты» (1973), «Интернат наны» (1974), «Жүрекке әжім түспейді» (1987) секілді повестер мен әңгімелерден тұратын кітаптарын жұртшылық кезінде жылы қабылдады. «Мылтысыз майдан» (1977), «Қара маржан» (1986) романдары, «Ай мен Айша» роман-дилогиясы (1997), бес кітаптан тұратын «Қызыл жебе» роман-эпопеясы (1978-1994) қазақ әдебиетіндегі кең құлашты, үлкен көлемді эпикалық жанрдың дамуындағы зор жетістік болды. «Елім, саған айтам, Елбасы, сен де тыңда!» (1998), «Ақындар мен әкімдер» (2002), «Бір кем дүние» (2008) секілді ойлар мен толғаныстардан тұратын кітаптары заман тынысын, қоғам шындығын, адам сырын кең де терең, суретті де сәулетті көрсетеді. Көп томдық шығармашылық мұрасы халық игілігіне айналды.

Жазушы шығармашылығында шын мен жалған, адал мен арам, әділет мен әділетсіздік, жарық пен түнек, жақсылық пен жамандық, махаббат пен зұлымдық арасындағы бітіспес күрес эпикалық кеңбайтақ кеңістікте көрініс тапты. Тақырыптың ұлттық және жалпыадамзаттық мәні, әлеуметтік-эстетикалық нысананың биіктігі, поэтикалық ойлаудағы даралық, бейнелеудегі бедер, суреттеудегі сәулет, халықтың ақыл-ойын, абыройын, ар-ожданын, ұлттық рухын ардақтаудағы тереңдік жазушы шығармашылығының ажарын ашты, қазақ әдебиетінің мазмұнын байытты, мәнін тереңдетті, нұрын тасытты.

Қаламгердің шығармаларында а) саяси-әлеуметтік қайшылықтарға толы, сұрапыл өзгерістер мен төңкерістер орын алған бүкіл бір дәуірдің шындығы көркем жинақталған; ә) бүкіл бір дәуір бойы қоғамды, мемлекетті билеп-

төстеген әлеуметтік күштердің үдерісі мен күресі бейнеленген; б) жеке тұлға өміріндегі, ұлт тағдырындағы, халық өміріндегі кезеңді құбылыстар мен тұрмыстық болмыс тығыз бірлікте суреттелген.

Жазушының көркемдік әлемінде үзілмей жалғасатын мынадай ойлардың желісі бар: а) қазақ халқының XX ғасырдағы тағдыр-талайы; ә) жеке тұлға болмысы; б) қоғамдық сана сипаты; в) мемлекеттік басқару жүйесі. Жазушы шығармашылығының өзегінде үзілмей жалғасып жатқан осындай ойлар желісінде дараланатын мынадай бірнеше күрделі ұғымдар бар: а) қазақ халқының тарихи өміріндегі қайғы-қасіретке, азап-мехнатқа толы трагедиялық ахуал; ә) өмірі зая жеке тұлға; б) қоғамдық сананың езілген, жаншылған қалпы; в) тәуелсіз мемлекеті, тәуелсіз мемлекеттік басқару жүйесі жоқ елдің тағдыр-талайы. Осы ұғымдар тұтастығы негізінде автор ел-жұрттың бәріне бірдей қымбат ұлттық идеяны мынадай қырларынан көрсетеді: а) халықтың адал еңбегімен еркін, бейбіт өмір сүруі; ә) адам өмірін баянды ету жолында еңбектену; б) қоғамдық сананың жаңаруына, ұдайы жетілуіне қажетті жағдай жасау; в) мемлекеттің, мемлекеттік басқару жүйесінің тәуелсіздігіне жету.

Қаламгердің өмір құбылыстарын көркемдік жинақтау мәнерінен дүниенің мынадай сыры аңғарылады: а) жақсылық әркез тұрмайды, жамандық әркез тозбайды; ә) ізгілік ұзақ болмайды, зұлымдық қуып қалмайды; б) әділетке адам қара терін немесе қызыл қанын төгіп жетеді, қиянат адамды өзі қуып жетеді.

Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» роман-эпопеясы мен «Ай мен Айша» роман-диалогиясында қазақ халқының тарихындағы қилы кезеңнің тартысқа толы шындық оқиғалары шынайы суреттелді, халықтың трагедиялық өмірінің әлеуметтік негізі, қаһармандық рухының қайнар көзі ашылды. «Қызыл жебе», «Ай мен Айша» - қазақ сөз өнеріндегі ұшар биігі күн сәлесімен шағылысып жақұттай жарқырап тұрған классикалық үлгілер қатарындағы шығармалар.

Жазушы шығармаларының көркемдігі ұлттық және жалпыадамзаттық рухани құндылықтардың бірбүтін күрделі жүйе ретінде жарасуын қамтамасыз ететін негізде. Ол негіз Шерхан Мұртазаның шығармашылық тереңдігі мен суреткерлік кемелдігінен өніп шығады. Жазушының шығармашылық тереңдігі мен суреткерлік кемелдігінен біз осындай үш негізді көреміз.

1 Шерхан Мұртаза жаһанда жан баласына бас иіп, тізе бүгіп көрген емес. Мұны біреу ерлік дейді, біреу әділдік дейді, үшінші біреу кемелдік дейді. Бәрінің де жөні бар.

Байырғы қазақ кемеңгерлері иілмейтін бастың, бүгілмейтін тізенің болмайтынын айтады. Бұл сөздің де негізі тереңде. Ондай тереңге көңілмен болмаса, көзбен бойлау қиын. Дегенмен Шерағаңның қандай мәртебелілердің алдында да бас иіп, тізе бүкпегені рас, айдай анық. Бірақ бас иген, тізе бүккен жері жоқ емес, бар: сүйгенінің алдында. Шерағаңның сүйгені біреу емес, екеу. Сондықтан бұл кісі бір емес, екі жерде бас иіп, тізе бүкті. Оның бірі - Құдайдың алды, екіншісі - халықтың алды.

2 Шерхан Мұртаза аспаған асу, шықпаған биік кемде-кем. Дүние қанша асыл, қанша қызықты, қанша ыстық болғанмен, Шерағаң - оның бетіне қарамаған кісі. Әйтсе де, дана бабаларымыздың айтқанына қарағанда, дүниеде



ардақ тұтатын, іздейтін, қолдайтын, қорғайтын қымбат байлығы жоқ кісі болмайды. Біреудің өмір бойы дүние жинайтыны, біреудің өмір бойы мансап қуатыны, енді біреудің өмір бойы халық қамын ойлайтыны содан. Дүниеде Шерағанның да аса ардақ тұтқан және өмір бойы іздеген, жанын салып қолдап, қорғаған қымбат асылы бар еді. Оның бағасына байлық жетпеді. Шераған онсыз өмір сүре алмады, басқадан баз кешсе де, сол дегенде, ішкен асын жерге қойды, сол үшін отқа түсуге, басын қатерге тігуге барды, одан қол үзіп, көз жазып қалуға жоқ еді. Оның аты - әділет, әділеттілік.

3 Жасаған иеміздің жаратқандарының ішіндегі ең қасиеттісі, ең ардақтысы һәм аяулысы ақыл-ой болғанға ұқсайды. Білемін деушілер мұны Аллатағаланың өз сөзі деседі. Алайда адам баласының ат жалын тартып мінуге жарағаннан бастап іздейтіні ақыл-ой байлығы емес, дүние байлығы болады екен, дүние байлығына қолы бір жетсе, қасиетті, ардақты, аяулы деген ақылдың өзін де керек қылмайды екен.

Шераған дүние байлығын тәрк еткен жоқ, дүниеге бой алдырған жоқ, ғұмыр бойы ой қуды, ақыл кемелдігіне жетті, қоғамның, елдің ақыл-ой байлығын сақтау, байыту жолында еңбек етті, бейнет кешті. Жасағанның жолымен, дүниедегі ең қасиетті, ең ардақты һәм ең аяулы нәрсе қоғамның, елдің ақыл-ой байлығы деп білді. Бұл жай білім, жай таным емес, шын білім, шын таным еді. Адамның, қоғамның, елдің ақыл-ой байлығы туралы мұндай білім, мұндай таным бүгін ғана емес, ертең де керек, бүгін ғана емес, ертең де игілікті, сондықтан оның қадірі еш уақытта кетпейді, қасиеті ешуақытта көшпейді. Шерағанның тозбайтын, өзгелер озбайтын және бір дара қасиеті осында.

Шерхан Мұртазаның шығармашылық танымының, көркемдік әлемінің осындай үш қайнар көзі, негізі бар: 1) жасаған иесі мен туған халқына деген сүйіспеншілік; 2) әділет; 3) ақыл-ой қуаты. Жазушының көркемдік әлемінің көркі, әрі мен нәрі халық өміріндегі ұлттық, жалпыадамзаттық маңызы, мәңгілік мәні бар шындық құбылыстарды осы үш негіздің тоғысқан биігінде шырайын ашып, шынайы суреттеуінде. Жалғанның таразысында жақсылықтан жамандық үстем шыққанда, даналықтан надандық асып түскенде, әділеттілікті әділетсіздік басып кеткенде, Шерхан Мұртаза шығармашылығының көркемдік кеңістігінде осы үш негізден өсіп-өнген қасиеттер құрыштай қайнап, тұтасады. Ондайда Шерхан Мұртаза жақсылықтың жағында болады, әділеттің туын көтереді, даналықтың сөзін сөйлейді, әлеумет санасында дара һәм дана тұлғаға айналады.

Шерхан Мұртаза Қазақстанның басты шығармашылық ұйымдарының, бұқаралық ақпарат мекемелерінің басшысы, жетекшісі бола жүріп ел игілігі үшін аянбай, адал қызмет етудің халықтық үлгісін қалыптастырды, талантты шығармашылық тұлғалардың ашылуына, кемелденуіне жағдай жасады, қоғамдық сананың өсуіне еңбек сіңірді. Тәуелсіз Қазақстанның Парламентінде елдің құқықтық негізінің нығаюына үлес қосты, елдің, халықтың, әділеттің сөзін сөйледі. Шығармашылық, қоғамдық, мемлекеттік қызметінде жақсылыққа жар болды, үзілгенді жалғады, өшкенді жандырды, өлгенді

тірілтті. Адамзаттың бақыты мен сорының бұрын көз көріп, құлақ естімеген қалың қатпарларының сырын ашты. «Қызыл жебесі» шын мен жалған, адал мен арам, жарық пен түнек, жақсылық пен жамандық арасындағы бітіспес күрестің зардабын көктеп өтіп, көкке шығып кетті. Мылтықсыз майдан болды. Бұлтсыз күнде найзағай ойнады. Қара маржан судай ақты. Айдың жүзіне дақ түсті. Айшаның басына күн туды. Айша мен айдың көзінен жас ақты. Бір кем дүние...

Жазушы еңбегі деп, жазушы еңбегінің ауыртпалығы, бейнеті мен мехнаты деп осыны айтса болар. Осының бәрін жүрегінен өткізуде қандай ауыртпалық, қандай бейнет пен мехнат барын дара мен дананың өзі ғана білді.

Шығармашылық тұлғаның даралығы мен даналығы қоғам үшін, халық үшін игілікті. Ал халық арасында, қоғам ішінде дара һәм дана болудың тұлғаның өзі үшін ауыртпалығы бар. Шерхан Мұртаза қоғам, халық игілігі үшін қандай ауырды да қайыспай көтерді.

Шерхан Мұртаза – қазақтың дара һәм дана шығармашылық тұлғасы.

Біқыластарыңыз үшін рақымет.

2012-2017-2022